



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚЫЗЫЛ АЙЫ

Дабыл дорбасы

Отбасылық төтенше жағдай жоспары

ДАБЫЛ ДОРБАСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚЫЗЫЛ АЙЫ

Дабыл дорбасы дегеніміз - ол құтқарушылардың келуіне дейін немесе қауіпті ауданнан эвакуация шараларын өткізгенге дейін, жедел жағдайда тірі қалу үшін, қажетті заттардың жиынтығы. Азық-түлік, су, киім-кешектерден басқа, әрбір жеке отбасына қажетті маңызды құжаттардың көшірмелері және қарттар, сәбилер, мүгедектерге арнайы заттар да болуы керек.

ЖЕР СІЛКІНІСІНЕН КЕЙІН



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚЫЗЫЛ АЙЫ

ДАБЫЛ ДОРБАСЫНА КІРЕТІН ЗАТТАР ТІЗІМІ:

- су,
- ұзақ сақталатын азық-түлік,
- ақша,
- қолшам,
- радио,
- гигиеналық құралдар
- маңызды құжаттар көшірмесі,
- қағаз және қарындаш,
- дәрі-дәрмектер,
- берік аяқ киім және құрылыс қолғабы,
- ысқырық,
- жылы киім және т.б.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖОСПАРЫ

Сондай-ақ байланыста болуға көмектесетін отбасылық төтенше жағдай жоспары болуы керек. Оны міндетті түрде құрыңыз:

1) **Қауіпсіз орындарды анықтаңыз** (үйде, кеңседе, ғимаратта және әрбір бөлмеде) олар сыртқы қабырғалардан, қалқалардан, терезелерден, шынылардан, құлауы мүмкін үлкен және ауыр заттардан немесе жылытқыштардан, ашық камин сияқты өрт тудыруы мүмкін заттардан алыс болуы керек.

2) **Түнде жер сілкінісі болуы мүмкіндігін** ескере отырып, үй-жайлардан (үйден, пәтерден, сыныптан, спортзалдан) шығудың ең қысқа және қауіпсіз жолын алдын ала жоспарлаңыз, эвакуация жолының бойындағы өткелдерді тазалаңыз.

Терезелеріңізде немесе есіктеріңізде торлар болса, өрт немесе жер сілкінісі кезінде ғимараттан шығу жолдарын ойластырыңыз. Есіктен шығу қауіпті болған жағдайда авариялық шығуды қамтамасыз ету үшін торды ішінен жылдам ашу механизмін қарастыру қажет.

Егер эвакуация жолының бойында құлап кетсе немесе сырғып кетсе, шығуды жауып тастауы мүмкін объектілер болса, оларды қалай түзету немесе қайта реттеуді қарастыру қажет. Мысалы есіктің артында тұрған заттар, оралған кілемдер немесе шаңсорғыштар немесе үлкен тұрмыстық техника кедергі болуы мүмкін.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖОСПАРЫ

3) **Әрбір отбасы мүшесі электр қуатын, газды, суды өшіруді білуі керек.** Жер сілкінісі болған жағдайда оларды өшіру керек, ал жер сілкінісінен кейін оларды қоспау керек (тиісті қызметтер қосуға рұқсат бермейінше) Газдың ағу қаупі бар, газ құбырлары мен газ баллондарының ғимарат ішінде де, сыртында да зақымдануы нәтижесінде газ баллондарының кейіннен жарылу ықтималдығы жоғары. Тұрмыстық құрылғылар мен жылыту жүйелері электр тоғының әсерінен зақымдалған болуы мүмкін, сондықтан шақпақ, шам және сіріңкенің жалыны немесе электр ұшқыны өрт қаупін тудырады.

Сондықтан, жер сілкінісінен кейін сіз батареямен жұмыс істейтін шамды пайдаланасыз, өрт қаупі өткеніне сенімді болмайынша, сіріңке мен шырақ жақпайсыз.

Жер сілкінісі кезінде электр қуатын өшіру керек, ал одан кейін оны қоспау керек, өйткені электр сымдарында үзіліс болуы мүмкін.

Суды өшіру керек, жер сілкінісі болған жағдайда су құбырларының зақымдануы мүмкін.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖОСПАРЫ

4) Дабыл дорбасының сақтайтын жері туралы келісіңіз

Жер сілкінісі бізді қайдан таба алатынын, жылдың қай мезгілі болатынын, қираудың қаншалықты болатынын және сол сәтте бізге не қажет болатынын білмейміз. Аяққа зақым келтірмеу үшін берік аяқ киім, қоқыс пен әйнектен сақтайтын қолдарыңызға зиян тигізбеу үшін қолғаптар керек болады, жаңбырдан және қардан қорғайтын полиэтилен пленкасы және т.б. Сондықтан әркімнің мұны қамтамасыз етіп, жұмыста, мектепте, үйде, көлікте және т.б. жинауы керек.

5) Кездесу орны

Жұмыс уақытында жер сілкінісі болса, бірін-бірі қайдан іздеу керек, қай жерде жиналу керек, туған-туыстар мен достардың жағдайын кімнен білу керек?

Үйіңізден тыс жерде, аймағыңыздан тыс кездесу орнын таңдаңыз.

Балаларыңыз оқитын мектепте немесе балабақшада төтенше жағдайларға дайындық жоспарларымен және эвакуациялау жоспарларымен танысыңыз, төтенше жағдайда мектеп әкімшілігімен, мектепке дейінгі мекемемен, сынып жетекшілерімен және балаларыңызбен бірлескен іс-әрекеттеріңізді талқылаңыз.

Отбасылық жоспарыңызды балабақша мен мектепте балаларыңызды жинау және эвакуациялау жоспарымен үйлестіріңіз.

Отбасы мүшелері бір-біріне хабарлама қалдыра алатын үйден тыс қауіпсіз орынды таңдаңыз.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖОСПАРЫ

6) Қауіпсіз жерден тыс орналасқан және сіздің аймағыңыздың алыс тұратын адам туралы ақпарат қалдырыңыз. (Келешекте төтенше жағдай болса сондай адам арқылы бір бірін таба алатын мүмкіндік болады)

Жер сілкінісінен кейін телефон желілері істен шығуы немесе бос емес болуы мүмкін.

Сондықтан, апат аймағынан тыс жерде тұратын жақын адамыңызға қай жерде екеніңізді және сізге не болып жатқанын айту үшін, ол сіздің төтенше жағдайдағы байланысыңыз болатынын айтыңыз. Ол бұл ақпаратты сіздің отбасы мүшелеріңізбен және таныстарыңызбен бөліседі, егер де төтенше жағдайдан кейін сіздерді іздестіретін болса немесе сізге отбасыңызды достарыңызды табу керек болса.

Достарыңызға байланыс ақпаратын беріңіз. Әрбір отбасы мүшесі жеке картаны толтырып, өзімен бірге ұстауы керек.

Телефон нөмірлері мен мекенжайларды жазу жеткіліксіз, әсіресе отбасында кішкентай балалар болса, жаттығу және үйрену керек.

7) Жаттығуды жиі , мектептен, жұмыстан, дүкеннен жиналатын жерге келуге тырысыңыз, бүкіл отбасыңызбен үйіңізден эвакуациялауды үйреніңіз.